Топ/ Шағын топ	Білім алушылар саны	Модуль/Пән	Журнал	Оқытушы	% 30.12-05.01	% 06.01-12.01	% 03.02-09.02	% 10.02-16.02	% 17.02-23.02	% 24.02-02.03	% 03.03-09.03	% 10.03-16.03	% 17.03-23.03	% 24.03-30.03	% 31.03-06.04
0716-24-96	17	Математика	07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	Шүленбаева Жанар Нурғалиевна	100	100	100	100	100	100	100	100	100		100
0613-24-96-1	21	Қазақстан тарихы	қазақстан тарихы	Изтилеуова Жанар Тилеухановна	57		57	57	57	57	57		100	29	
1013-24-96	14	Қазақ тілі	Қазақ тілі	Қутпанбаева Ардак Абижановна	100		100	100	100	100	100	100	100		98
1013-24-96	14	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қутпанбаева Ардак Абижановна	100	100	100	100	100	100	100	100	100		100
0613-24-96-1	21	Орыс тілі	Русский язык	Асанова Эмиля Асановна	43	97	43	43	43	43	43		100		67
0613-24-96-1	21	Орыс әдебиеті	русская литература	Асанова Эмиля Асановна	100	97	100	100	100	100	100		100	29	100

3.4. Білімгерлердің білімін бағалау жұмыстарында ақпараттық технологияларды қолдану және жетілдіру

Коледж студенттерінің білімін бағалауда қазіргі таңда ақпараттық технологиялар кеңінен пайдаануға мүмкіндік бар. <https://college.smartnation.kz> платформасында электрондық тестілеу жүйесі қарастырылған. Осы жүйе арқылы білімгерлерден тест түрінде білімін тексеруге және оның нәтижесін көруге болады. 2024-2025 оқу жылында барлық емтихандар <https://college.smartnation.kz> платформасында электрондық тестілеу арқылы тапсырылды.

college.smartnation.kz/kz/home/control/exams

Басты бет > Емтихандар

ЕМТИХАНДАР

Жеке бет

Деректерді қарауға өтініштер

Менің колледжім

Білім беру үдерісі

Мониторинг

Мемлқызметтер

Қабылдау комиссиясы

Жатақхана

Қашықтықтан оқыту

Құжатайналым

Емтихандар

Емтихандар

Емтихан сұрақтары

Емтихан билеттері

Тізімді сұғілеу

Экспорттау

Кесте

Қосу

Саны: 126

№	Біліктілігі	Топ	Модуль/Пән атауы	Емтихан тапсыру нысаны	Құрушы	Мерзімі мен уақыты	Мәртебе	Операциялар
1	4507130704 - Техник-электромеханик	0713-24-96	Физика	college.smartnation.kz платформасында тестілеу түрінде	Қазыбаев Ибрагим Нұрмухаммадович	30.06.2025 17:00	Аяқталды	👁️ 🗑️
2	4506130105 - Ақпараттық жүйелер технигі	0613-24-96-2	Қазақстан тарихы	college.smartnation.kz платформасында тестілеу түрінде	Ізтілеуова Жанар Тілеухановна	30.06.2025 14:30	Аяқталды	👁️ 🗑️
3	4506130105 - Ақпараттық жүйелер технигі	0613-24-96-1	Математика	college.smartnation.kz платформасында тестілеу түрінде	Закира Игорь Александрович	30.06.2025 14:30	Аяқталды	👁️ 🗑️

college.smartnation.kz/kz/home/control/exams/236765

Менің колледжім

Білім беру үдерісі

Мониторинг

Мемлқызметтер

Қабылдау комиссиясы

Жатақхана

Қашықтықтан оқыту

Құжатайналым

Емтихандар

Емтихандар

Емтихан сұрақтары

Емтихан билеттері

Оқу жылының мұрағаты

Хабарламалар

Ресми құтыру

Жұрнақ

Біліктілігі

Топтары

Пән

Емтихан тапсыру нысаны

Емтихан түрі

Күн мен уақыты

Қабілет

Мәртебе

Экспорттау


ҚАТЫСУШЫЛАР

Аты-жөні	Мәртебе	Нәтижелі	Операциялар
Адылбек Жолард Мейірбеқылы	Емтиханды аяқтады	97%	👁️
Алиев Сұлтандин Абдулғаппович	Емтиханды аяқтады	100%	👁️
Алиева Адыя Ибрагимовна	Емтиханды аяқтады	100%	👁️
Андреев Кирилл Сергеевич	Емтиханды аяқтады	73%	👁️
Балсан Баболат Сүйішқылы	Емтиханды аяқтады	97%	👁️
Баштыбе Айтбек Исмаилов	Емтиханды аяқтады	97%	👁️

3.5. Жаңа оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша egov.kz порталының жұмысы

Жаңа оқу жылына студенттерді қабылдау электронды түрде жүргізіледі. egov.kz сайтының өтініштерді электронды түрде қабылдау модулінде көрсетілген.

2025–2026 оқу жылына колледждерге (техникалық кәсіптік және орта білімнен кейінгі) түсу үшін "Е-gov" порталын және ҚР Электрондық Үкіметінің "eGov Mobile" мобильдік қосымшасын (бұдан әрі – "Е-gov" жүйесі) пайдаланылады. Өңіріміздің колледждеріне түсу үшін бірыңғай цифрлық жүйенің іске қосылуына байланысты әртүрлі дерекқорларды біріктіре отырып, мемлекеттік қызметтерді одан әрі цифрландыру мақсатында талапкерлерден және олардың заңды өкілдерінен өтініштерін қабылдау "Е-gov" жүйесі арқылы жүргізіледі. Қызмет нәтижесі 3–5 жұмыс күні ішінде шығарылады.



4. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ

1. 2024-2025 оқу жылында Қаратау құрылыс-техникалық колледжі төмендегі бағыттарда жұмыс атқарды:

- Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету;
- Білімгерлер мен оқытушыларға оқырман формулярын ашу;
- Оқырмандар сұранысымен жұмыс жүргізу;
- Оқырмандарға арналған әртүрлі іс - шаралар өткізу;

2. Оқырмандарға қызмет көрсету

Оқырман саны - 280

Келушілер саны – 175

Кітап беру саны – 2155

Мерзімді басылымдар беру саны – 8

Жоспар бойынша

Кітап беру пункті	2025-2026 оқу жылғы жоспары	Орындалғаны	%
ҚҚТК кітапханасы	2400	2100	90

Колледж әкімшілігі әр жартыжылдық сайын оқытушылар мен білімгерлерге қажетті мерзімді басылымдарға жазылып отырады, жазылу көрсеткіші төменде көрсетілген:

2025 жылдың 1 - жартыжылдығы

Мерзімді басылым	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Газеттер	8	6	2
Барлығы	8	6	2

2025 жылдың 2 - жартыжылдығы

Мерзімді басылым	Барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Газеттер	5	3	2
Барлығы	5	3	2

Колледж кітапханасының қоры қазіргі таңда 44350 дана кітапты құрайды. Жаңартылған бағдарлама бойынша жалпы пәндерге арналған оқу құралдары 1138

Жаңартылған бағдарлама бойынша жалпы пәндерге арналған әдістемелік нұсқаулар саны - 68

Кітапханадағы әдістемелік оқулықтардың жалпы саны – 2364 дана.

Жалпы білім беретін оқулықтар-4190

Арнайы пәндер – 27158

Энциклопедия мен сөздіктер – 480

Әдеби кітаптар – 4100

ПИР ден алынған кітаптар – 212

ПИР ден алынған электрондық плакаттар -15

Басқа қосымша кітаптар 4681

2021-2022 оқу жылында колледж кітапханасына келіп түскен кітаптар саны дана (төмендегі таблица бойынша көрсетілген):

№	Оқу жылы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде	Электронды оқулық	Барлығы
1	2021-2022 оқу жылы	49	7	-	-	56

Осы оқу жылынан кейін кітапханаға ешқандай оқулықтар мен әдеби кітаптар алынған жоқ.

Колледж кітапханасы оқырмандарды кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді сонымен қатар оқытушылармен тығыз байланыста болып, әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырып отырады.

Кітапханада 2024-2025 оқу жылына жасалған жоспарға сәйкес және жоспардан тыс іс-шаралар өткізілді. Мысалы: даталы күндерге, ақын – жазушылардың мерейтойларына, жаңадан келіп түскен әдебиеттерді насихаттау мақсатында кітап көрмелері, пікір сайыс, кітапхана сабақтары, дөңгелек үстелдер, оқырман конференциясы, әдеби – сазды кештер мен көрмелер ұйымдастырылды.

5. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ.

2024 – 2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары ҚР Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» кодексі, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410- V ҚР заңы, «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының заңы, Қазақстан Республикасының Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал-адам. Адал еңбек. Адал табыс» атты үшінші отырысында ұлттық құндылықтарды насихаттау барысында «Тәуелсіздік және отаншылдық, «Бірлік және ынтымақ», «Әділдік және жауапкершілік», «Заң және тәртіп», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және жаңашылдық» атты 6 құндылық бойынша жұмыс атқарылды. Сонымен қатар осы құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған Жобалар іске асырылды. Олар: «Қамқор», «Еңбегі адал жас өрен, «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala» сынды әлеуметтік жобалар бойынша жүзеге асырылды:

Құндылықтар:

1. Тәуелсіздік және Отаншылдық
2. Бірлік және ынтымақ
3. Әділдік және Жауапкершілік
4. Заң және Тәртіп
5. Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
1. Жасампаздық және Жаңашылдық

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр айда біртұтас тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

Қыркүйек – Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік айы

Қазан – Тәуелсіздік және Отаншылдық айы

Қараша – Әділдік және Жауапкершілік айы

Желтоқсан – Бірлік және Ынтымақ айы
Қаңтар – Заң және Тәртіп айы
Ақпан – Жасампаздық пен Жаңашылдық айы
Наурыз – Бірлік және Ынтымақ айы
Сәуір – Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік айы
Мамыр – Жасампаздық пен Жаңашылдық айы

Колледжмиссиясы: Құрылыс-техникалық саласында кәсіби білім беру бағытында жоғары білімді бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау.

Тәрбие жұмысының мақсаты: қазақ патриотизмі, азаматтығы, адамгершілік және жалпыазаматтық құндылықтар идеясы негізінде студенттердің жеке қасиеттерін, тәрбиесін қалыптастыру, жалпы даму жолымен колледждің бәсекеге қабілеттігін арттыру.

Міндеттері:

1. Тәрбиені денсаулық сақтау технологиясымен қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын бекіту, студенттерді өз қылығына, отбасылық өмірге жауапкершілікпен қарауды дайындығын қамтамасыз ету, өнер, қоршаған орта, қоғамдық – пайдалы іс әрекеттер арқылы жалпы адамдық қасиеттерді дамыту;
2. Колледж студенттерінің өзін - өзі басқару органдары (жастар комитеті және студенттер кеңесі) іс - әрекетінде шынайы мүмкіндік жолымен Республикамыздың қоғамдық – саяси өміріне қатысу қажеттігін қалыптастыру.
3. Саяси мәдениет пен отансүйгіштікке, ұлттық азаматтық көзқарасқа тәрбиелеу;
4. Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы тәрбиесінің бір бөлігі болып табылатын адамгершілік-жыныстық тәрбиені жетілдіру;
5. Студенттердің танымдық-шығармашылық қабілеттерін дамыту;
6. Студенттердың тұлға дамуының негізі болатын ой - сана және денсаулығын қалыптастыру;
7. Отанға деген сүйіспеншілік, оның тағдырына жауапкершілік, өз елінің тарихы мен мәдениетін және әлемдік қауымдастық мәселесін ұғынуға талпынысын тәрбиелеу;
8. Нарықтық қатынас жүйесінде студенттерге бағыт – бағдар беру және өз бетімен өзіндік іс - әрекет ету қасиетін дамыту
9. Кәсіби іс - әрекетке дайындығын, осы орайда өзінің келешегін жоспарлау қабілетін қалыптастыру;
- 10.Тәрбие үрдісінде мониторингтік зерттеу қорытындысын қолдану
- 11.Жоғары кәсіби мәдениетті қалыптастыру, іс- шараларды дұрыс ұйымдас-
дастыру мен жоспарлауға тәрбиелеу;
- 12.Тәрбие жұмысы бағыттарын негіз ретінде ала отырып клубтар, секциялар,
кеңестер т.б жолдар арқылы жүзеге асыру;
13. Ата – аналармен жұмысты жандандыру, ата –аналар комитеті мен қамқоршылық кеңес жұмыстарын ұйымдастыру.

2024-2025 оқу жылында тәрбие субъектілерінен 22 топ жетекшісі, педагог-психолог, жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы, колледжге бекітілген учаскелік полиция инспекторы, кітапханашы және түрлі үйірме жетекшілері жұмыс атқарды.

Оқу жылында барлық топ білім алушылары мен тәрбиеленушілері өздерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланған тәрбиелік шараларына белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты. Колледжде тәрбие жұмысын ұйымдастыру Қазақстандық элитаға кіруге мүмкіндігі мол, сонымен қатар нақты кәсіби салада бәсекеге қабілетті әлеуетті тұлғаларды қалыптастыруға бағытталған.

Алға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін ұйымдастыру сәйкесінше нормативтік-құқықтық базасы жасақталған. Жалпы колледжішілік тәрбие жұмысы жоспарындағы іс шараларды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының, халықаралық, әлемдік бекітілген мерекелік және атаулы күндерді, сонымен қатар колледждің дәстүрлі іс-шараларын, қала, аудан, облыс, республика, әлемнің әлеуметтік және саяси жаңалықтар мен фактілерді ескере отырып, тәрбие жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Оның мазмұны, ұйымдастыру формалары мен әдістері үнемі толықтырылып, жоспар бойынша тәрбие жұмысы төмендегідей бағыттарға негізделіп, іске асырылады. Атап айтсақ:

- Колледждегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру ережесі және жұмыс жоспары
- Топ жетекшілер кеңесінің ережесі және жұмыс жоспары;
- Жатақхана студенттері жөніндегі ережелер және іс-шаралар жоспары;
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары;
- Үйірме жұмыстары бойынша жұмыс жоспары.

5.1 Кәсіби бағдар беру жұмыстары

Кәсіби бағдарлау жұмысының аясында маусым айының І-ші жартысынан бастап Талас ауданының маңында шоғырланған елді мекендеріне кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізілді.

Колледждің кәсіби бағдарлау кабинетімен қала мектебінің 9 және 11 класс бітірушілері тұрғылықты мекен-жайлары бойынша аумақтарға бөлініп, нақты оқытушылар мен қызметкерлерге жүктелінді. Барлық қызметкерлер Қаратау қаласында орналасқан ірі сауда үйлері мен көрнекті кәсіпорындар, мекемелер мен халық көп шоғырланатын жерлерге оқуға шақыру қағаздары ілініп, таратылды. Көше -көшеге бөлінген кесте бойынша қызметкерлеріміз түгелдей аралап, үгіттеу жұмыстарын қоса жүргізіп отыр.

2025-2026 оқу жылына 9-11 сынып базасында мемлекеттік тапсырыс негізінде 11 мамандық бойынша оқуға қабылдау жұмыстары атқарылуда.

Талас ауданында арнаулы 33 орта мектеп білім береді.

Аудан бойынша 9 сыныбын бітірушілер саны -955 оқушы,

Оның ішінде Қаратау қаласындағы 8 мектеп бойынша -574 оқушы

11 сыныптар үшін аудан бойынша - 471 бітіруші

Қаратау қаласы бойынша -253 оқушы

Кәсіби бағдар беру жұмысын жандандыру мақсатында 2024 оқу жылының қыркүйек айында жылдық жоспар жасалып бекітілді. Сол жоспар аясында педагогтар Қаратау қаласында орналасқан мектептерге үгіт насихат жұмыстарын жүргізді. Жалпы жоспарда Талас, Сарысу, Жамбыл, Жуалы аудандарына жұмыс жүргізу жүктелген. Алайда жұмыс тек Талас ауданымен шектеліп отыр. Мектеп оқушыларын колледжге тарту барысында қаңтар, ақпан, сәуір, мамыр айларында жауапты оқытушылар өздеріне берілген мектептерге тренингтер мен дәстүрлі ойындарын жүргізді.

- 2024 жылдың қараша айында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында аудан мектептерінің 9-11 сынып оқушылары арасында «Smart bala» жобасы бойынша «Startup» байқауы өткізілді. Байқауға Талас ауданынан 14 мектептің оқушылары қатысты.

-2024 жылдың желтоқсан айында Тәуелсіздік және отаншылдық құндылығы бағытында ұлттық спорт түрлерінен орта мектептің 9 сынып оқушылары арасында жарыс ұйымдастырылды.

- 2024 жылдың 23 желтоқсанында «Шабыт» жобасы аясында Талас ауданының мектеп ұстазы мен оқушысы арасында аудандық «Екі жұлдыз байқауы» өтілді.

-2025 жылдың 13 ақпан күні «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Талас ауданы мектептерінің 9-11 сынып оқушылары арасында «Мамандыққа жол» тақырыбында III -ші «JuniorSkills -2025» чемпионаты ұйымдастырылды.

- 2025 жылдың 27 ақпанында Талас ауданы мектеп оқушылары арасында «IQ Battle» зияткерлік ойыны өткізілді. Жалпы оқушылардан құралған 10 команда қатысты.

2025 жылдың 12 мамыр күні жас талапкерлерді оқуға шақыру мақсатында Қаратау қаласындағы орта мектептің оқушыларына «Ашық есік» күні өтілді.

Жалпы кәсіби бағдар беру жұмысына арналған іс-шаралар «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» және «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жүзеге асырылды.

5.2. Қоғамдық негізде ұйымдастырылған колледждің топ жетекшілері, студенттер кеңесі және жастар комитеті мен «Қыздар -ай» клубының жұмыстары

Оқу жылының басында Дебат клубының жоспары бекітіліп, мақсаттары қойылды. Бұл клубтың басты мақсаты: білімгерлердің интеллектуалдық деңгейін көтеру, саяси мәдениет, саяси сана деңгейін көтеру, өз ойларын еркін айтуға баулу, логикалық ойлау қабілетін, шешендік өнерін дамыту 2024-2025 оқу жылында дебат клубының жұмысына негізінен 1-2 курс білімгерлері қатысты. Өткен жылдарға қарағанда клубқа қатысатын білімгерлердің ой-өрісі, тіл өнері сәл төмендеген. Биылғы оқу жылында төрт рет дебат ойындары өткізілді.

«Парасат майданы» дебат клубының жетекшісі Е.Қамысбаевтың ұйымдастыруымен 25 қазан Республика күніне орай «Жаңа Қазақстан-Екінші Республика. Жастар жарқын өмірді қалайды» тақырыбында дебат өткізілді. Студенттердің ой өрісін, сөйлеу мәнерін шыңдау мақсатында ұйымдастырылған бұл пікірсайыста ойын мүшелері ойларын ортаға салып, дәлелдей алды.

- «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Білім – ең мықты қару» дебат;
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Адамды пара алуға не мәжбүр етеді» тақырыбында дебат;
- Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Адалдық – адамгершілік белгісі» тақырыбына дебат;
- Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Сен және Заң» тақырыбына дебат өткізілді.

5.3.«Инабат қыздар клубы»

«Инабат» қыздар кеңесінің мақсаты: Қыз балалардың тәрбиесіне мән беру, рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру, өзін-өзі күту мәдениеті мен салауатты өмір салтын қалыптастыру.

«Инабат» қыздар кеңесінің **2024-2025** оқу жылына жұмыс жоспары бекітілген

Осы жоспар бойынша жұмыс жүргізіледі.

Жоспар бойынша айына 1 рет қыздар жиналысы өткізіледі. Колледж

бойынша кәмелетке толмаған қыздар саны:

1 курс бойынша -38

2 курс бойынша-28

3 курс бойынша-7

Оның ішінде кәмелетке толмағандар саны: 73

2024 жылдың қыркүйек айында қыздармен жалпы жиналыс өткізілді, онда колледжге жаңа қабылданған студент қыздармен танысу, «Инабат» қыздар клубының жылдық жұмыс жоспары таныстырылып, колледж формасына қатысты түсіндіру және «Тазалық, тәртіп- басты талап» атты қыздардың жеке бас гигиенасы, сонымен қатар «Ерте жүктіліктің алдын –алу» шаралары бойынша колледж медбикесі Н.Абдикаримова тарапынан ақпараттық түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

Қазан айында «Ерте жүктіліктің алдын алу» және «Бүгінгі бойжеткен-ертеңгі болашақ ана» тақырыбында әңгімелесу жүргізілді. Жиналысқа Талас аудандық орталық ауруханасының акушер –гинекологы Д.Мұратова қатысып, қыздарға жеке бас гигиенасы туралы және қыздардың бойындағы ерекше қасиет ана болу мәселесі жайында ашық түрде әңгіме жүргізіп, көптеген кеңестер берді.

Қараша айында «Қыз бен жігіт арасындағы достық қарым-қатынас» тақырыбында пікір алмасу жүргізілді. Колледж медбикесі Н.Абдикаримованың «Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зияны» тақырыбында дәрісі тыңдалды.

Жыныстық қатынастың ерте болуы: денсаулыққа қауіп төну, жыныстық жолмен жұғатын аурулар (ЖЖЖА), соның ішінде АИТВ/ЖИТС-қа алып келетіні жайлы хабардар етті.

Педагог-психолог Ж.Салыбекова тарапынан тақырыпқа байланысты тренинг –жаттығулар беріліп, кері байланыс жасалып, пікір алмасу болды. Тақырыпқа байланысты бейнебаян көрсетіліп, қыздар өздерін толғандырып жүрген сұрақтардың жауабын ала алды.

2024 жылдың желтоқсан айында колледжінің акт залында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша жасалған кешенді тәрбие жоспарына сәйкес, «Бүгінгі қыз бала -болашақ ұрпақ тәрбиелейтін ана» тақырыбындағы жиналысқа колледж әкімшілігінің арнайы шақыртуымен Талас орталық ауруханасының дәрігері акушер - гинеколог Мұратова Дариға Әлібекқызы және аудандық акушері Бекмырза Айнұр Бақбергенқызы қатысып, «Қыз баланың гигиенасы» және «Ерте жүктіліктің

алдын алу» тақырыптарынд түсіндіру ағарту іс шарасын жүргізді.

2025 жылдың қаңтар айында « Қыз бала –ұлттың ұяты-халықтың шырайы»тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үселде қыз бала тәрбиесінің маңыздылығы, қазақ халқының «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақылы мысалға келтіріле отырып,«Қыз бала – ұлттың ұяты» тақырыбында баяндама жасалды және қазақ халқының дәстүріндегі қыздың тәрбиесіне қатысты қағидаларды түсіндірілді. Сонымен қатар, қыз баланың әдебі, инабаттылығы туралы айтылып, колледж пен отбасындағы тәрбие рөліне тоқталып ,қазіргі заман қыздарының ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесін қозғалды.

Колледж педогог -психологі Ж. Салыбекова ашық сұхбат ұйымдастырып, қыздар өз ойларын ортаға салып, «Қазіргі қоғамдағы қыз тәрбиесі» тақырыбында пікір алмасты. Талқылау барысында қыздардың киіну мәдениеті, сөйлеу әдебі сияқты өзекті мәселелер қозғалды. Колледж медбикесі Н.Абдикаримова қыз балалардың гигиенасы, тазалық туралы дәріс оқыды.

2025 жылдың ақпан айында 1-2 курс қыздарының арасында «Қыздар қандай болуы керек? Қыздарға арналған 40 кеңес» тақырыбында кезекті жиналысы өтті.

Жиналыста қыз баланың қоғамдағы орны, яғни қыздардың білім алуы, өзіне күтім жасауы, сыпайылық және инабаттылық секілді тақырыптар қозғалды, белгілі тұлғалардың өмірінен үлгі ретінде мысалдар келтіріліп, қыздарға арналған мотивациялық кеңестер берілді. Атап айтсақ, жетістікке жету жолдары, өзін-өзі дамыту, уақытты тиімді пайдалану, дұрыс сөйлеу әдебі, жақсы орта қалыптастыру.

Колледж педогог -психологі Ж. Салыбекова «Мәдениетті қыз қандай?» атты тренинг, Өмірлік жағдайлар бойынша рөлдік ойындар жүргізіп, бейнеролик көрсетілді. Колледж медбикесі Н.Абдикаримова қыз балалардың гигиенасы, тазалық туралы дәріс оқыды.

2025 жылдың 8 наурыз мерекесіне орай 1-2 курс қыздарының арасында «Қыз-өмірдің қызғалдағы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Шара барысында қыз баланың тәрбиесі, оның қоғамдағы рөлі мен адамгершілік құндылықтары туралы мазмұнды пікір алмасулар болды. Қыздар өз ойларымен бөлісіп, қыз баланың нәзіктігі мен рухани сұлулығын дәріптейтін әсерлі баяндамалар жасады. Колледж медбикесі Н.Абдикаримованың тарапынан қыз балалардың гигиенасы туралы кеңес

беріліп, дәріс оқылды.

Педагог-психолог Ж.Салыбекова «Ерте есеюдің қыз баланың денсаулығына, өміріне зияны» тақырыбында «Quizizz» платформасында сұрақтарға жауап беріп және жекелей тәжірибелік тапсырмалар орындатты

Ағымдағы жылдың сәуір айында жеткіншектердің есірткі мәселесі бойынша ақпараттылық деңгейін жоғарылату, психикалық белсенді заттарды қолдануға қарсы дағдыларын дамыту мақсатында ««Ішімдік ішу, шылым шегу, нашақорлық»» атты тақырыптағы кезекті отырысы болды. Өткізілген іс –шара барысында колледж медбикесі зиянды әдеттердің жастар денсаулығына кері әсері, олардың алдын алу жолдары мен салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын талқылады. Ішімдік, шылым, есірткі –

жасөспірімдердің болашағына орасан зор зиян келтіретіндігі айтылып, мұндай зиянды әдеттерден бойды аулақ ұстау керектігі ескертілді. Сонымен қатар педагог-психолог Ж.Салыбекова тарапынан «Нашақорлықтан аулақ бол» және «Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойлан» тақырыбында қыздармен пікір талас, бейне -мысалдар көрсетілді. Бұл іс-шара қыздардың сыртқы және ішкі сұлулығын дамытуға, этикет пен денсаулықты өмір салтын насихаттауға бағытталған.

Жылдың қорытындысы ретінде мамыр айында «Өмір ,мен сені сүйем» атты қыздарға арналған тағылымды шара өтті. Іс-шараға «Инабат» клубының жетекшісі Г.Жубатова және колледж медбикесі Н.Абдикаримова ,колледж педагог-психологы Ж.Салыбекова қатысты. Іс-шараның мақсаты – қыз балаға өзін-өзі тануға, өмірді бағалауға, қиындықтарға қарсы тұруға, ар-намыс пен адамгершілікті биік ұстауға бағыт беру.

Қыз баланың тәрбиесі – ұлт тәрбиесінің негізі. Осы ұстанымды арқау еткен іс-шарада жасөспірім қыздармен ашық сұхбаттар, педагог-психолог тарапынан психологиялық тренингтер ұйымдастырылды.

Қатысушылар өз ойларын ашық айтып, түрлі жағдаяттарды талқылады. Шара соңында қыздарымыз өмірге деген көзқарастарының өзгергенін айтып, өз ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар колледж медбикесі «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында кеңес беріп, дәріс оқыды. Қыздар – болашақ аналар, ел тірегі. Олардың өмірге, болашаққа деген сенімі әрдайым нық болсын!

5.4.Дене шынықтыру және спорттық дамыту жұмыстары

Оқу жылының басында жастар арасында бұқаралық спортты дамыту және білімгерлердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатында білімгерлердің түрлі спорттық секцияларға қатысуын қамтамасыз ету үшін әр топ жетекшілер тарапынан қатысатын білімгерлердің тізімі анықталып бекітуге ұсынылады.

Жастар арасында бұқаралық спортты дамыту мақсатында спорттың 6 түрінен (футбол, волейбол, жеңіл атлетика, үстел теннисі, баскетбол, тоғызқұмалақ) секциялар жұмыс жүргізіледі және білімгерлердің бос уақытын тиімді өткізу барысында клубтар мен 8 пәндік үйірмелер жұмыс жүргізіліп оған 65-70% білімгер тартылды. Атап айтсақ: «Құқық мектебі», «Парасат майданы» дебат клубы, «Саналы ұрпақ» ұйымы, «Мейірімді жүрек» т.б. үйірмелері.

Осы аталған клубтар мен үйірмелердің тиімді жұмыс істеуінің арқасында колледж білімгерлері мен оқытушыларының бірлесе отырып жастар тәрбиесін қалыптастыру және патриоттық тәрбиені жақсарту мақсатында жоспарланған мәдени іс-шаралары өз деңгейінде өткізілуде.

Білімгерлердің бос уақытын ұйымдастырылуы (колледждегі немесе колледжден тыс үйірме, спорттық секцияларға тартылғандар саны).

5.5. Жатақхана туралы мәлімет

Қаратау құрылыс-техникалық колледжінде әлеуметтік аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан білімгерлерді тұратын орынмен қамтамасыз ету мақсатында 35 орынға арналған жатақхана жұмыс істеп тұр. Жатақхана колледж ғимаратында орналасқан. Білімгерлер үшін барлық жағдай жасалған. Тәртіпке сай сабаққа дайындалуға арналған оқу залы, ас әзірлеуге және тамақтануға арналған, тоңазытқыш, плита пештермен жабдықталған. Аас үйі, жуынатын бөлме, теледидары бар демалатын орынмен қамтамасыз етілген. Айына екі рет төсек-жабдықтары ауыстырылып тұрады.

Колледж әкімшілігі тарапынан ай сайын арнайы бекітілген кестеге сай күнделікті кешкісін 19.00 – 22.00 аралығында кезекші оқытушылар оқу залында білімгерлермен бірге болып, олардың сабаққа дайындықтарын

қадағалайды. Тәрбие бөлімі және топ жетекшілер тарапынан бірлескен қоғамдық – мәдени іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады.

2024-2025 оқу жылында колледж жатақханасына 10 білімгер өтініш жазып орыналасты. Оның ішінде 2 қыз бала, 8 ер бала.

Жатақханада кәмелеттік жасқа толмаған білімгерлер саны: 5

Кәмелеттік жасқа толған білімгерлер саны: 5

Жатақханадағы шаруашық жұмыстарын комендант, тәртіпті қадағалау жұмыстары бойынша вахтершілер жұмыс атқарады.

Білімгерлерге жан-жақты әлеуметтік тұрмыс жағдайы жасалған.

Колледж жатақханасы қоғамдық жататын орын болғандықтан оған өте көп көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, жатақхана демалыс орнын, асханасын, жуынатын бөлмесін санитарлық – гигиеналық талаптарына сай жабдықталып, жатақхана іші, сырты және бөлмелердің тазалығын, мүліктердің сақталуын және төсек-жабдықтарының уақытылы ауыстырылып отыруын үнемі қадағалау жолға қойылған.

Қысқы және жазғы демалыс кезеңдерінде бөлмелерді ағымдық жөндеуден өткізу және жатақхана бөлмелерін жылу беру кезеңіне дайындау колледж тарапынан жүргізіліп отырды.

Жыл басында тәрбие жұмысының жоспары бекітіліп, білімгерлер кеңесі сайланып, білімгерлер жатақхана және колледждің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды.

Жатақханадағы білімгерлер бос уақыттарында жоспарланған әр түрлі іс-шараларға қатысып отырады. Тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстар жатақханада өз деңгейінде жүріп отырады.

Әлеуметтік -педагогтың ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес кеңес отырысы жүргізіліп, оқу залы ағымдағы басылымдар және кітаптармен толықтырылып отырды.

Білімгерлерге демалып, сабақ даярлау үшін барлық жағдай жасалынған.

Жатақхана білімгерлері үнемі қоғамдық іс-шараларға тартылып отырады.

Жатақхана білімгерлеріне 2024-2025 жылдар аралығында кезекшілік мұғалімдер тарапынан үнемі азық-түлікпен қайырымдылық жасалып тұрады.

5.6. Жаз уақытында студенттерді жұмыспен қамту

Жасөспірімдердің жазғы уақытын тиімді пайдалану мақсатында колледж студенттері Талас аудандық «Жастар ресурстық орталығымен» бірлесе Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай «Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты байқау, Әулиеата кітап оқитын өңір жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты бейнероликтер түсіру, «Спорт-салауатты өмір салтының негізі» тақырыбында спартакиада, «Әлеуметтік желі және жастар» тақырыбында жайдарман ойыны, «Кел шырқайық» тақырыбында караоке кештері, «Бақытты балдырған шақ» тақырыбы аясында «Жұрындысай» лагерінде түрлі форматтағы ойындарын жүргізу сондай-ақ, аудан жастары арасында оқыту-семинар лагеріне қатысады. Алдағы уақытта Қаратау қаласында орналасқан спорттық-аула алаңшаларында кіші футболдан ауыспалы кубок ұйымдастырылу жоспарлануда.

5.7. Акциялар бойынша атқарылған жұмыстар көлемі, қамтылған білімгерлер саны

Жалпы тәрбие саласы 2024-2025 оқу жылы барысында Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша кешенді тәрбие жоспарына бағытталып жүзеге асырылды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал-адам. Адал еңбек. Адал табыс» атты үшінші отырысында ұлттық құндылықтарды насихаттау барысында «Тәуелсіздік және отаншылдық, «Бірлік және ынтымақ», «Әділдік және жауапкершілік», «Заң және тәртіп», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және жаңашылдық» атты 6 құндылық бойынша жұмыс атқарылды. Сонымен қатар осы құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған Жобалар іске асырылды. Олар: «Қамқор», «Еңбегі адал жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala» сынды әлеуметтік жобалар.

Кесте 1

«Қамқор»	«Еңбегі адал жас өрен»	«Шабыт»	«Ұшқыр ой алаңы»	«Smart bala»
Қайырымдылық, экологиялық акциялар	«Біз бәрін жеңеміз! «Біз біргеміз!» акциялары,	«Мен өмірді сүйемін» сурет салу байқауы,	«Сен және заң» дебаттар, виртуалды көрме, логикалық	«Smart bala» байқауы, робототехника конкурсы, графикалық дизайн

	конференция	Өнер байқауы	ойындар, интеллектуалды ойындар,	көрмесі , Startup» байқауы
8	3	4	9	5
Жалпы : 29 іс шара жобалар бойынша				

5.8. Аудан, облыс көлеміндегі іс-шараларға қатысуы, нәтижесі

№	2024-2025оқу жылы	жүлделі орын	Марапатталған жылы
1	2024 жылдың 28 қыркүйек күні «Жұрындысай» лагерінде спорттың 5 түрінен (Асық ату ,скалкалка,арқан тартыс,блиц сұрақтар,эстафета) /аудандық /	I	2024ж
2	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 25 қазан РЕСПУБЛИКА күніне орай колледж студенттері арасында эстафеталық жарыс /аудандық	1	2024ж
3	16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында қала мектептері 9-шы сыныптар арасында спорттың 3 түрінен (Арқан тарту,дартс, садақ ату) жарыс ұйымдастырылды	-	2024ж
4	Қараша айында «Сұлтан Бейбарыстың 800» жылдығына арналған Техникалық және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының студенттер арасындағы Облыстық «Ұлттық колледж лигасы» баскетбол спорт түрінен қыздар арасында командасы 3 орынға ие болды	3	2024ж
5	Спорт денсаулық кепілі атты ұранмен Талас ауданының студенттер және колледж мұғалімдері арасында үстел теннисінен жарыс. / аудандық/	I-2	2025ж
6	«Абай Құнанбайұлының 180 жыл» толуына арналған техникалық және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының студенттері арасындағы Жамбыл облыстық «Ұлттық спорт лигасына» қатысып қыздар құрама командасы баскетбол ойыны	III	2025 ж
7	Бокс спорт түрінен Ахыт Мырзатай Халықаралық турнирінде	III	2025ж
8	Аудандық «Мен салауатты өмір салтын қолдаймын» тақырыбында қол күрес турнирінде Ахмедов Иса марапатталды.	II	2025ж
9	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын іске асыру және «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «Спорт пен еңбек-егіз ұғым» тақырыбында ұйымдастырылған жұмысшы мамандар арасындағы спартакиадада жалпы командалық есеп. Аудандық	II	2025ж
10	Қаратау технология білім және бизнес колледжінің ұйымдастыруымен Аудандық қыздар арасында волейбол жарысында «ҮЗДІК ҚОРҒАУШЫ» Орынбасар Аяна		2025
11	1 мамыр «Бірлік және ынтымақ» күніне орай Орталық саябақта Қаратау қаласында орналасқан колледж студенттері арасында спорттың 5 түрінен жарыс. Командалық есеп.	1 орын	2025
12	9 мамыр «Ұлы Жеңістің 80 – жылдығына орай» қаланың колледж студенттері арасында (садақ ату, дартс, арқан тарту, секірмекпен секіру) спорт түрлері	1,2,3	2025

Құқықтық тәрбие

Құзырлы органдар мен ұйымдар атауы	Іс -шара бағыты /құқық бұзушылықты алдын алу /	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр-маусым	Іс шара саны
Талас аудандық прокуратурасының қатысуымен /	Кездесулер	-	-	-	-	1	1
Полиция бөлімі қызметкерлерімен бірлескен жұмыстар	Кездесулер, түнгі рейдтік, тінту, профилактикалық түсіндіру жұмыстары , тренингтер, дөңгелек үстелдер, жиналыс	2	3	2	3	9	19
ТАОА мамандарымен бірлескен жұмыстар	Кездесулер, профилактикалық түсіндіру жұмыстары	1	2	1	1	1	6
Жастар ресурстық орталығының мамандарымен бірлескен жұмыстар	Байқаулар , кездесулер, ақпараттық сағаттар, дөңгелек үстелдер, профилактикалық түсіндіру жұмыстары, тренингтер	2	5	3	4	7	21
Ішкі саясат бөлімі мамандары /теолог/	кездесулер, дөңгелек үстелдер	-	1	-	1	1	3
Талас аудандық әкелер кеңесі төрағасының қатысуымен	кездесулер, дөңгелек үстелдер	-	1	-	-	1	2
Талас аудандық аналар кеңесінің қатысуымен	кездесулер, дөңгелек үстелдер	1	-	1	-	1	3
Жастар комитеті ұйымымен	Құқық бұзушылықты алдын алу бойынша бейнеролик, акция, пікірталас, дөңгелек үстел	1	3	5	6	7	22
Жалпы ата-аналар жиналысы	Жиналыс	1	1	1 курстың 6 тобына жеке жасалын ды.	-	1	9
Жалпы 1-ші ші жарты жылдықта -69 2-ші жылдықта -87							

5.9.Әлеуметтік тұрмысы төмен және қорғалмаған студенттер тобымен жұмыс

Әлеуметтік – педагогтың мақсаты - білімгерлердің әлеуметтік-психопедагогикалық ерекшеліктерін тексеріп және олардың микроорталығын, өмір сүру жағдайын, қажеттілігі мен қызығушылығын байқап, қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулар кезеңінде тез арада көмек және қолдау көрсету. Сондай-ақ оқытушылармен, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен жұмыс жасау болып табылады.

Жалпы айтқанда, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білімгерлерді анықтау және жұмыс жүргізу, түрлі дәстүрлі емес діни ағымдағы білімгерлерді анықтау және жұмыс жүргізу, 1-курс білімгерлерінің колледж өміріне бейімделуі, дарынды білімгерлермен жұмыс, т.с.с. жұмыстар атқарылып келеді.

2024 – 2025 оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жекеленген жылдық жұмыс жоспары жасалынып бекітілген, сол жоспарлар бойынша жұмыс атқарылып келеді.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында ыстық тамаққа қажетті құжаттарды жинау.

2024-2025 оқу жылының қазан айында әлеуметтік психологиялық орталық тарапынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттермен ойын жаттығулары жүргізілді. 14 студент қамтылды.

2024-2025 оқу жылының қазан айында «Жылы жүрек» тақырыбында акция өткізілді.

2024-2025 оқу жылының қараша айында әлеуметтік қамқорлықтағы балалардың киім-кешекпен қамтылды. Екі студентке қайырымдылық жасалынды.

2024-2025 оқу жылының желтоқсан айында «Мейірімді жүрек» атты қайырымдылық акциясы өтті. Қайырымдылық әлеуметтік жағдайы төмен екі студентті қамтылды.

2024-2025 оқу жылының қаңтар айында Қайырымдылық әлеуметтік жағдайы төмен үш студентті қамтылды.

2024-2025 оқу жылының ақпан айында колледждегі ер балалармен «Зиянды заттардан аулақ бол!» атты баяндама өткізілді. Жоспардан тыс әлеуметтік жағдайы төмен үш студентке қайырымдылық қамтылды.

2024-2025 оқу жылының екі айында әлеуметтік жағдайы төмен үш студентке қайырымдылық қамтылды.

2024-2025 оқу жылының наурыз айында әлеуметтік жағдайы төмен бес студентке қайырымдылық қамтылды.

2024-2025 оқу жылының мамыр айында әлеуметтік жағдайы төмен екі студентке қайырымдылық қамтылды.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында оқып жатқан студенттердің және аз қамтылған отбасынан оқитындардың ыстық тамақ және басқада жәрдемақылардың қамтылуы бойынша:

Күндізгі бөлімде оқитын бюджет топтары бойынша 345 білімгердің 126 білімгері тиісті құжаттар тапсырды. 90 білімгер ыстық тамақпен қамтамасыз

етілді. Ыстық тамақ пен қамтылған студенттер саны 239 оның ішінде жұмысшы, нәтижелі, бюджет топтары.

Төмендегі аты аталған күндізгі бөлімнің 0713 «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 0716 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 0816 «Химия технология және өндіріс», 0613 «Бағдарламалық қамтамасыз ету» 1013 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша мемлекеттік тапсырыс негізінде оқитын бірінші, екінші, үшінші және төртінші курс білімгерлеріне әлеуметтік тұрмыстық жағдайы ескеріліп, 2024-2025 оқу жылына ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

Кесте 1

№	Бағдарлама атауы	2024-2025 оқу жылының I жылдық бөлінген қаражат										Жалпы 2024-2025 оқу жылы	
												Бөлінген қаржы	Бала саны
		09	10	11	12	01	02	03	04	05			
1	Ыстық тамақ	56879, 0 мың теңге										56879,0	239
2	Қамқорлықтағы	2285,0										917	8

2024-2025 оқу жылында колледжде 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 345 студент білім алады, барлығы шәкірт ақы және ыстық тамаққа бөлінетін қаржы алады.

2024 жылдың қыркүйек айында аз қамтылған отбасынан шыққан 49 студент, көп балалы отбасынан шыққан 96 студент, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білімгерлер саны: 8 білімгердің бір мезгіл ыстық тамаққа бөлінетін қаржы жеке шотына аударылып тұрады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттердің саны 8. Оларға жылына берілетін бір реттік жәрдемақы (киім-кешекке) беріледі. Кәмілет жасқа толмаған 4 студент бар. Еркінбек Аян Қаратау қаласында қамқоршысы нағашы апасы мен тұрады. Шрейбер Валентина, Шрейбер Ангелина қамқоршысы апасымен тұрады. Ухтикова Ирина Қаратау қаласында қамқоршысы апасымен тұрады. Жағдайлары жақсы. Үйіне барып тұрмыс жағдайымен танысып қайттым, тұрмыс жағдайлары жақсы.

5.10.Топ жетекшілердің индекаторлық көрсеткіштер бойынша міндеттердің орындалуы

Топ жетекшілер кеңесі оқу топтарында тәрбие сағаттары колледждің оқу тәрбие жұмыстарының жоспарына сәйкес жүргізілуін және оқу топтарында ашық тәрбие сағаттарының түрлі формада сапалы өтуіне өз көмегін тигізді.

Барлық оқу топтарында ашық тәрбие сағаттарының тақырыптары бекітілді. Кесте бойынша ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Жыл бойында 22 топ жетекші бекітіліп кесте бойынша ашық тәрбие сағаттары өтілді.

Топ жетекшілер кеңесінің жұмысы:Топ жетекшілер кеңесінің төрайымы

И.Кожамбаева ай сайын топ жетекшілер кеңесінің отырысын ұйымдастырып, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда әдіс-тәсілдерді жетілдіруде топ жетекшілеріне көмек көрсету, топ жетекшілерінің теориялық және практикалық базасын қалыптастыру, тәрбие жүйесін дамыту мақсатында жұмыстар жүргізді.

6.«ЖАСЫЛ ЕЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ЕҢБЕК СЕМЕСТРЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР.

6.1. «ЖАСЫЛ ЕЛ» бағдарламасы

Қаратау құрылыс – техникалық колледжінің білімгерлері жасыл ел бағдарламасы бойынша қазан, қараша, сәуір, мамыр айларында 12 білімгер жұмыс жасап ай сайын жалақысын алып отырды.

№	2022-2023 оқу жылы	2023-2024	2024-2025
1	19 студент / Жасыл ел/	11 студент	12 студент

7. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫҢ «ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУДІ НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІС – ШАРАЛАР.

ҚР-ның «Тіл туралы заңының» орындалуы колледждің жылдық жоспарына енгізілген. «Тіл туралы заңның» орындалу барысында іс қағаздардың мемлекеттік тілде жүргізілуі, жаңа технологияны қолдана отырып, тілдерді оқыту барысында сапалы нәтиже көрсету, дарынды студенттердің шығармаларын колледжішілік, аудандық, облыстық газеттерге жариялау, баспа сөз беттерінде жарық көрген жаңа заң, мақалалармен танысып, әдістеме кеңесінде жариялау, ақын-жазушылардың мерейтойларын атап өту, ай сайын колледжде кітап көрмесін ұйымдастыру, тіл мамандарының уақытылы курстардан өтуі, колледж әкімшілігі мен бірлесе отырып қоғамдық жұмыстар жүргізу т.б. Колледждегі мәдени шаралар мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүргізіледі. Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізгі талабы білім сапасын арттыру болып табылады. Ал білім сапасын көтеру-студенттің білімін жоғары деңгейге көтеру осы мақсаттарды алға қоя отырып, жаңа технологиялардың қолданылуын, тәжірибе алмасу, тіл мамандарының күнделікті жұмыстары болып табылады. Колледждің жұмыс жоспарында тіл мәртебесін көтеру саласында көптеген іс-шаралар жоспарланған. Тілдер мерекесінің онкүндігіне байланысты 10 іс-шара

жоғары деңгейде өтілді.

Тіл мамандары тарапынан қазақ тілі саласына байланысты бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалары жарық көрді.

8. ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ОҚУ - ӨНДІРІСТІК ІС – ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ.

Қазіргі таңда, колледжде мамандықтар бойынша оқу кабинеттері мен зертханалар, шеберханаларға келетін болсақ, колледж директорының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі №95 бұйрығымен *43 оқытушыға, 41 оқу кабинеті, 11 зертхана, 16 шеберхана* (оның ішінде 5 оқытушы өндірістік қажеттілікке байланысты қосалқы қызметте) бекітілді.

2024-25 оқу жылына бекітілген оқу кабинеттері, зертханалар мен шеберханалар

<i>Р.с</i>	<i>Оқу кабинеттері</i>	<i>Зертхана</i>	<i>Шеберхана</i>	<i>Жалпы</i>	<i>ЦӘК төрағасы (төрайымы)</i>
1	15	2	-	17(15 оқытушы)	Серикова А
2	11	5	-	16(10 оқытушы)	Шымырбекова А
3	7	2	3	12(6 оқытушы)	Сүлейменова Л
4	8	2	13	23(10 оқытушы)	Шонов А
Барл:	41	11	16	68	
<i>оның</i>	32	5	6	43 ақылы	
<i>ішінде:</i>	9	6	10	25 ақысыз	

Сонымен қатар, барлық зертханаларда өткізілетін зертханалық жұмыстарға студенттерді жіберу жөніндегі ТҚ журналдары арналып, беттеліп, түптеліп, арнайы қолмен, мөрмен рәсімделіп қойылған. Барлық оқу кабинеттері мен оқыту шеберханаларында жұмыс жоспарлары, паспортизациялары мен өткізу-қабылдау актілері ТҚ ережесі мен мүліктер тізбесі жасалынып, бекітілген

8.1. Дуальды оқыту технологиясы

Дуальды оқыту технологиясымен 2024-25 оқу жылына 5 мамандықтың 7 біліктілігі бойынша оқып жатқан 286 студентпен 6 ірі мекеме арасында 3-жақты келісім-шарттар жасалып, оның ішінде 6 топтан 85 өткен оқу жылында бекітілген болса, биылғы оқу жылына 10 топтың 201 студенті облыстық кәсіпкерлер палатасымен реестрлік тіркелуден өтті. Сонымен қатар, мамандықтарына қарай мекемелерден 8 өндірістік тәлімгерлер бекітілді. Барлық келісім-шарттар дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары негізіндегі ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығы негізінде жасалып, барлық талаптар осы бұйрық негізінде орындалады

8. 2. Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында атқарылған жұмыстар.

Талас ауданына келген ірі инвесторлармен жүргізілген жұмыстар.

1. Олар: 1. ВЭС «Шенгелді» ЖШС. 2.«КазМеталГрупп» ЖШС. 3.«Karatau Chemicals» ЖШС. 4.«Talas Investment Company» ЖШС. 5. «Жамбыл Недр» ЖШС. 6.«Масдар» ЖШС. 7. «ASIACHEM» ЖШС. Бұлардың 4-і қазақстандық, 1-і Түркия. 1-БАЭ. 1-ҚХР. Осылардың 4-і жұмыстарын бастап жатыр, 3-і әлі бастаған жоқ.

Аталған 4 жаңа инвесторлармен 2-жақты келісім-шарттар мен меморандумдар жасалған. «Жұмысшы мамандықтар жылы» іс-шара жоспарына сәйкес 2025 жылдың 14 ақпан күні «Казфосфат», «Шолақтау» ТКӨК ЖШС қарасты «ТБжЗЖ» (бұрынғы ЦНиЛ) зертхана базасында колледждің «Химиялық технология және өндіріс» мамандығы студенттеріне арналаған «күзіндеттілік орталығы» салтанатты түрде ашылып пайдалануға берілді.

2. 2025 жылдың 04 маусым күні колледж директорының «оқу-өндірістік ісі» жөніндегі орынбаары А. Ильясов «Talas Investment Company» ЖШС бас директорының орынбасары Жүнісов Әбдіғали Айтжанұлының қабылдауында болып, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен жиналыста өз ойын, пікірін білдіріп, әлеуметтік серіктестік аясында ынтымақтастық танытқаны үшін білім басқармасының басшысы Оршыбеков Нұрбек Әбубекұлы атынан жіберілген Алғыс хатты табыстап, компания мен колледж арасындағы мәселелерге тоқталып, жаңа инвестициялық жобамен салынып жатқан заводтың екінші блогына (кезеңіне) мамандар қабылдау, оларды 3 айлық курстардан өткізу, қазір жұмыс жасап жатқан қызметкерлерді біліктілік көтеру курстарынан өткізу жолдары талқыланды. Кездесу барысында колледж базасында инвесторлар тарапынан зертханалар ашу, заманауи үлгіде қайта жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізу жұмыстары да талқыланды.

3. Наурыз айында колледждің материалдық-техникалық базасымен, оның ішінде «Электромонтаж» күзіндеттілік орталығымен танысу мақсатында «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында екі жақты келісім-шарт пен меморандумға отырған Талас ауданына жаңа инвестрлік жобаларымен келген «Шенгелді ЖЭС» ЖШС бас директоры Тұралиев Жолдыбек Сейтқасымұлы 0713000-«Электромонтаж», Электрмен қамтамасыз ету», «Электромеханик» мамандықтары бойынша студенттердің

сапалы іс- тәжірибеге қатысуы және тәжірибе аралығында өзін көрсете білген түлектерді жұмысқа қабылдау жөніндегі өз ойымен бөлісті.

4. «Кәсіпорындағы бір күн» экскурсиялар ұйымдастыру

«Кәсіпорындағы бір күн». Кәсіпорындарға саяхат жасау.	07161300-«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы студенттерін кәсіпорынға апару	2025 жыл. Ақпан айы	Тәжірибе жетекшісі Қырғызбаев М Мамажанов Ж
	07150500-«Дәнекерлеу ісі» мамандығы студенттерін кәсіпорынға апару	2025 жыл. Наурыз айы	Тәжірибе жетекшісі Шонов А. Арынбаев Б
	07150500-«Слесарьлық іс» мамандығы студенттерін кәсіпорынға апару	2025жыл. Сәуір айы	Тәжірибе жетекшісі А. Шонов. Мәселбек Ж
	07110100-«Химиялық технология және өндіріс» мамандығы студенттерін кәсіпорынға апару	2025 жыл. Мамыр айы	Тәжірибе жетекшісі Сүлейменова Л.
	07320100-«Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығы студенттерін кәсіпорынға апару	2025 жыл. Маусым айы	Тәжірибе жетекшісі Шонов А. Әлжапбарова Л

5. «Кадр даярлауда өңірлік еңбек нарығының сұранысына сәйкес өзектендіру» тақырыбында өңірлік Форсайт-сессиясы.

15 мамыр күні Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің «Рухани жаңғыру» кабинетінде «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жоспарланған Форсайт-сессиясына өңірдегі кәсіпорын басшылары мен өкілдері, колледж әкімшілігі мен өндірістік тәжірибе жетекшілері қатысты.

Форсайт-сессиясының мақсаты «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің өңірге кадр даярлау жүйесін жетілдіру жолдарын бірлесе анықтауға, дуальды оқытуды ұлғайтуға, ірі компаниялардың коледжге қамқорлығын қалыптастыру және санын арттыруға, білім беру бағдарламаларын өзектендіруге ұсыныстар беруде және студенттердің кәсіби дайындығының сапасын арттыруға арналды.

Пікір, ұсыныс айту барысында қатысушылар Президент тапсырмасы бойынша жұмысшы мамандықтар жылы жоспарланған іс-шаралар мен облыс әкімінің 2024-2026 жж арналған жол картасында көрсетілген колледж бен кәсіпорын, оның ішінде жаңа инвестициялық жобадағы мекемелер арасында тығыз байланыс орнатуда өз мекемелерінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, қысқа мерзімді курстармен нарықтық сұранысқа ие мамандықтар дайындауда көкейлерінде жүрген ойлармен бөлісті.


Ең маңыздысы ақылы тәжірибелер ұйымдастыруда соңғы 3 жылғы көрсеткіштерді мысалға келтірген модератор А. Ильясов түлектерді жұмысқа қабылдауда өндірістік тәжірибе кезінде ақылы тәжірибелер ұйымдастырудың қажеттілігіне тоқталып, қатысушылар тарапынан осы бағыттағы мүмкіндіктер мен кездесетін кедергілер де талқыланды.

6. Мақсатты маман дайындауда 2024-25 оқу жылы мамандықтары бойынша 35 студентпен толығып, барлығы 90 студент нәтижелі жұмыспен қамту негізінде білім алуға.

2024-25 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ 1-ші СЕМЕСТРІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ


Өндірістік оқыту әдістемелік тәжірибе комиссиясы ЦӘК бойынша

Өндірістік оқыту" әдістемелік тәжірибе комиссиясы ЦӘК бойынша




2023-24 оқу жылы. 1 семестр. Үлгерім: 97,6% Сапа- 97,6 %. Орташа балл- 4
 2024-25 оқу жылы. 1 семестр. Үлгерім: 98,5% Сапа- 97,6 %. Орташа балл- 4
 Үлгерім: 1.1% , жоғары сапа-өзгерісіз% , орташа бал өзгеріссіз

«Арнайы көлік және электромеханикалық білім беру пәндер» ЦӘК бойынша



«Арнайы көлік және электромеханикалық білім беру пәндер» ЦӘК бойынша
 2023-24 оқу жылы 1 семестр Үлгерім: 100% , сапа-100%, орташа бал 4,2%
 2024-25 оқу жылы 1 семестр Үлгерім: 94,8% Сапа- 94,6%. Орташа балл- 4,0
 Үлгерім: 5,2% төмен , сапа-5,4% төмен, орташа бал 0,2% төмен


«Арнайы құрылыс және ақпараттық-химиялық технологиялары» ЦӘК бойынша



«Арнайы құрылыс және ақпараттық-химиялық технологиялары» білім беру пәндері ЦӘК бойынша

2023-24 оқу жылы 1 семестр Улгерім: 94,3% Сапа- 92,4%. Орташа балл- 4
 2024-25 оқу жылы 1 семестр Улгерім: 97,2% , сапа- 97,2%, орташа бал 4,1
 Улгерім: 2,9% жоғары, сапа- 4,8 % жоғары, орташа бал 0,1 % жоғары.

Оқу - өндірістік тәжірибелердің қорытындысы, колледж бойынша



V. ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ. КОЛЛЕДЖ БОЙЫНША:

2023-24 оқу жылы 1 семестр Улгерім: 97,3% Сапа- 94%. Орташа балл- 4,1%.
 2024-25 оқу жылы 1 семестр Улгерім: 96,8% , сапа- 96,4%, орташа бал 4,0%
 Улгерім: 0,5% төмен, сапа- 2,4% жоғары, орташа бал 0,1 % төмен

Жалпы оқу жылының басынан оқу –өндірістік тәжірибелерін әр түрлі себептерге байланысты 40 оқу өндірістік тәжірибесінен 53 студент уақытында тапсырмағаны тіркеліп, ЦӘК тарапынан қосымша сабақ кестелері арқылы жолдамамен желтоқсан айында 23 студент тапсырса, қантар айында 21 студент тапсырған. Тапсырмаған 6 тәжірибе түрінен 9 студенттің 2-ҚРҚК қатарына шақырылса, 4 студент колледжден шығарылып, 3 студент қарыз болып қалып отыр.

Тапсырмағандар.

№	Тәжірибе жетекшісі	Тәжірибе атауы	тобы	Білімгер аты-жөні	Себебі
1	Бұрлыбаева Г	Өнд/оқу	0613-22-96	Сүйінбай Ә	ҚРҚК
2	Мәселбек Ж	Кәсіптік	0715-22-96/ж	Павлихин В Асанов М	ҚРҚК Оқудан шығарылды
3	Сулейменова Л	Өнд/оқу	0711-23-96	Копбосынқызы А	-

				<i>Сейлбек Г</i>	-
4	Ерғараева А	Кәсіптік	1013-24-116/ж	Тарасевич В	Оқудан шығарылды
5	Альжаппарова Л	Кәсіптік	0732-24-116/ж	<i>Қуртбаева К</i>	-
6	Мамажанов Ж	Өндірістік	0716-24-116/ж	Оманов Р Сарсенова А	Оқудан шығарылды Оқудан шығарылды

8.3.«ЖАС МАМАН» ЖОБАСЫ БОЙЫНША АЛЫНҒАН ҚОНДЫРҒЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

«Жас маман» жобасына қатысқан мамандықтар бойынша осы мерзімге алынған қондырғылар мен станоктардың, машина - механизмдердің тізіміне сәйкес, 0713.000 мамандығы бойынша - 12, 0716.000 мамандығы бойынша – 23, ал 0732.000 мамандығы бойынша 20 қондырғы құзіреттілік орталықтарына орналастырылып, жауаптылары бекітілген. Құзіреттілік орталықтарының жауап-тылары арқылы орталықтағы қондырғыларды қосу мен оқу процесінде пайдалану жолға қойылған. Алынған қондырғылар бойынша оқу және өндірістік оқыту тәжірибелері кезінде тәжірибе жетекшілері студенттерге қондырғыларды толық игеруге үйретіп ғана қоймай, өтіп жатқан тәжірибелерді арнайы видеоролик арқылы колледж чаты мен әлеуметтік желілерге салып оырды. Әсіресе, 0713 мамандығының арнайы пән оқытушылары мен оқыту шеберлерін атап өтуге болады. Сонымен қатар, «Worldskills» колледжішілік чемпионатын өткізу және өңірлік, Ұлттық чемпио-наттарға дайындық пен мамандықтарының бітіруші курстары үшін Демонстраиялық емтихандар өту осы құзіреттілік орталықтарында өткізілді.

8.4. КОЛЛЕДЖІШІЛІК, ӨҢІРЛІК ЧЕМПИОНАТТАР ӨТКІЗУ, ҚАТЫСУ.

Шеберханада студенттердің тәжірибелік білімін көрсететін «Worldskills» колледжішілік чемпионатын өткізу дәстүрлі жолға қойылған. Ал оған колледждегі 11 құзіреттіліктер бойынша студенттердің дайындығына Worldskills дағдыларын игеру мақсатында үйірме жұмыстарына арналған шеберханалар мен зертханалар жұмыс жасайды.

Колледж шеберханасында студенттердің тәжірибелік білімін көрсететін «Worldskills» колледжішілік чемпионатын өткізу дәстүрлі жолға қойылған. Колледждегі барлық құзіреттіліктер бойынша студенттердің дайындығына Worldskills дағдыларын игеру мақсатында «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары», «Кірпіш қалау», «Плиткамен қаптау», «Электромонтаж», «Ұсталық ісі», «Web дизайн» және «Графикалық дизайн» «Дәнекерлеу технологиясы» «Аспаздық ісі», «Кузовты жөндеу», «Жеңіл көлікке техникалық қызмет көрсету» құзіреттіліктері бойынша үйірме жұмыстарына арналған шеберханалар мен зертханалар жұмыс жасайды және ол бірнеше жылдан бері жолға қойылған. «WorldSkills college-2025» колледжішілік чемпионаты сәуір айының 24-25 күндері өткізілді. 6 құзіреттелік бойынша 31 қатысушы, 20 колледжден сарапшы және өндіріс орындарынан 5 Бас сарапшыға колледжден 20.03.2025ж. № 80 бұйрық шығарылды. Құзіреттілік тапсырмалары колледж директорымен бекітілді. «WorldSkills college-2025» чемпионаты биыл ұйымдастырып өткізу жөнінде жоспар жасалып, бекітілді. Жоспар бойынша Бас сарапшыларға, арнайы шақырылған қонақтарға шақыру қағаздары, қатысушы, сарапшы, бас сарапшыларға бейжиктер, Сертификаттар мен алғыс хаттар дайындалуда. Жұмыс орындарын, оның ішінде жұмыс орындарындағы қондарғы, станоктардың, құрал-саймандар мен шығын материалдарының дайындығы бойынша тиісті жауаптыларға тапсырылды және өз тарапымнан қадағалануда. ТҚ инструктаж журналдары дайын.

Маусым айының 16-19 аралығында Тараз қаласында «WorldSkills Jambyl-2025» өңірлік чемпионатына колледжішідлік чемпионаттың жеңімпаздары атанған 6 құзіреттіліктен 8 қатысушымыз қатысып жатса, биыл 2-ші жыл «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» және «кескіндеме және әрлеу жұмыстары» құзіреттіліктері Қаратау құрылыс колледжінің құзіреттілік орталығында өтті. Өңірлік құзіреттілікте жеңімпаз атанған студенттеріміз Есенәлі Рамазан мен Гавенко Милана осы жылдың күз айында Астана қаласында өтетін «Worldskills Kasakhstan-2024» Ұлттық чемпионатына қатысатын болады.

8.5. ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

2024-2025 оқу жылының 1-ші семестрінде 16 топта 41 өндірістік оқыту, 12 өндірістік, 23 кәсіптік, барлығы 76 оқу-өндірістік тәжірибесінен 231 студент колледждің №1 және №2 оқу корпусарында, ал өндірістік тәжірибесінен 12 мекемеден өтті. 2-ші семестрінде 16 топта 18 өндірістік оқыту, 22 өндірістік, 34 кәсіптік, барлығы 74 оқу-өндірістік тәжірибесінен 249 студент колледждің №1 және №2 оқу корпусарында, ал өндірістік тәжірибесінен 18 мекемеден өтті. Жалпы колледж бойынша 2024-2025 оқу жылы ішінде 16 топта 59 өндірістік оқыту, 34 өндірістік, 57 кәсіптік, барлығы 150 оқу-өндірістік тәжірибесінен студенттер колледждің №1 және №2 оқу корпусарында, ал өндірістік тәжірибесінен 18 мекемеден өтті.

Жалпы колледж бойынша оқу процесінің кестесіне сәйкес барлық өндірістік, технологиялық, дипломалды іс-тәжірибелерін сапалы өткізу мақсатында оңтүстік өңірдегі 30-ға жуық, яғни, 2- АҚ, 10- ЖШС, 4- КММ, 11-ЖК арасында үш жақты келісім-шарттар жасалған. барлық өндірістік және дипломалды тәжірибелерін өту аралығында жүргізілетін «Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі» мен «Кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік есеп» және жолдама ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығының 1-ші, 2-ші, 3-ші қосымшаларында көрсетілген үлгілік талаптар негізінде жүргізіледі.

ҚР «Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі» тарапынан ТЖКБ ұйымдары мен жұмыс берушілер арасында функционал туралы ақпараттық –түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша қаңтар айында -9 мекемемен, ақпан айында -5 мекемемен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесі әлеуметтік желіге салынды.

Қорытынды есептердің қорытындылары

Колледждің оқу процесінің графигіне» сәйкес 2024-25 оқу жылының 1-ші семестрінде жоспарланған «өндірістік» және «технологиялық» тәжірибелерінің «Қорытынды есептерін 17 қаңтар 2025 жыл №11Ө бұйрық негізінде зерделеу комиссиясымен қорытынды есептері 12 бағыт бойынша тексерілді. Тәжірибеден өту жөніндегі мекемеден жетекшінің бекітілгені жөнінде бұйрық, «Бағыт-бағдар беру», «Қорытынды есеп» хаттамалары, Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар кестесі мен бекітілуі, кәсіптік

практикадан өту туралы күнделік – есептері, есептің жазылу сапасы, мазмұны тәжірибе бағдарламасына сәйкестігі тексеріліп, мұрағатқа өткізілді.

Жалпы кемшіліктер:

Кәсіптік тәжірибеден 1 апта бұрын тәжірибеге жіберілетіні жөніндегі хат кадр бөлімінде тіркелмеген. Бірқатар студенттерде есептің мазмұны да, жазу парақтары да номерленбеген. Бірқатар студенттердің жұмыс кесте жоспары толық толтырылмаған. Күнделік-есепте студенттің, мекемеден тәжірибе жетекшісінің қолдары жоқ. Басты бет (титульный лист) біркелкі болуы керек.

Шрифт бір текті сақталмаған. Есепте тәжірибе барысындағы фотолар бірқатар студенттерде жоқ және қорытынды жазылмаған. Әдебиеттер тізімі бірқатар студенттерде жоқ.

9. ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Тәжірибеге қатысу қорытындысы бойынша 2-ші семестрде 10 топтан 25 студент дәлелді себептері мен дәрігерлік анықтамалары негізінде уақытында жолдама арқылы бағаланды.

1. «Арнайы химиялық, көлік және электромеханикалық білім беру пәндер» ЦӘК бойынша

0713-23-96 тобынан:Қапалбай Әли -3 оқу тәжірибесінен, Еркін Ернұр 3оқу тәжірибесінен-1-і тапсырылмаған.Құмартай Нұрислам -1 оқу тәжірибесінен қосымша сабақ кестесі арқылы тапсырылса, 0716- 23-96 тобының студенті Тоқмолда Еркебұлан 1-оқу тәжірибесінен қосымша сабақ кестесі арқылы тапсырды.0711-24-11б тобының студенті Умарова Мөлдір 1 өндірістік тәжірибесінен қосымша сабақтар кестесі арқылы тапсырса, 1 тәжірибеден тапсырмаған. Гайдар Екатерина 1 өндірістік тәжірибесінен тапсырмаған.

Сонымен қатар, осы маусым айындағы қорытынды есептерді қорғау барысында 0716-2396 тобынан Тоқмолда Еркебұлан -4 өндірістік тәжірибеден, 0713-23-96 тобынан Еркін Ернұр 3 өндірістік тәжірибесіне қатыспауына байланысты қорытынды есебін қорғамады.

2. «Арнайы құрылыс және ақпараттық-химиялық технологиялары» білім беру пәндері ЦӘК бойынша

0613-23-96 тобынан Дүйсенбек Әсем 1оқу тәжірибесінен, Жақсылық

Жансая-1 оқу тәжірибесінен қосымша сабақ кестесі арқылы тапсырылды.

3. Өндірістік оқыту әдістемелік тәжірибе комиссиясы ЦӘК бойынша


1013-24-116 тобынан Аскербай Диара 3 кәсіптік тәжірибесінен, Есмағанбет Дияра 1 кәсіптік тәжірибесінен, Зейнулина Ақмарал 3 кәсіптік тәжірибесінен, Кемелбекова Индира 1 кәсіптік тәжірибесінен, Турупбекова Меруерт 3 кәсіптік тәжірибесінен қосымша сабақтар арқылы тарсырды.

Сонымен қатар, 3 топтан 10 студент «Дала жиыны» оқу-жаттығу сынағынан уақытында тапсырмаса, 0613-24-96 тобының 1 студент – Айтбек Санжар, 0713-24-96 тобынан: Ғалымжан Нұрасыл, Мұханбетжан Айдын «Дала жиыны» оқу-жаттығу тәжірибесінен қосымша мерзімде де тапсырмады.

6. МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІКТІЛІК ЕМТИХАНДАРЫ МЕН ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ.

2024 – 2025 оқу жылына мамандықтар бойынша Мемлекеттік біліктілік комиссия төрағалары мен мүшелеріне 08.05.2025ж. №35 Ө «комиссия құрамын бекіту туралы бұйрықпен 0713, 0716, 0613, 0732, 0711, 0716, 0715, 1013 мамандықтарына, комиссия құрамдары колледж директорымен бекітілді. Мемлекеттік біліктілік емтихандары мен дипломдық жобаны қорғау колледж бойынша 8 мамандық бойынша өткізілді. Осының ішінде: Күндізгі бөлім бойынша 157 студент қорытынды аттестацияға жіберіліп, оның 154 студент дипломдарын қорғап шықса, сырттай оқу бөлімі бойынша 3 топта 41 студент жіберіліп, 36 студент дипломдарын қорғап шықты. Оның ішінде, 4 студент ҚРҚК қатарына шақырылуына, 1 студент вахталық жұмыс кестесіне байланысты алдын-ала қорғады. 1 студент 0613-23-11к тобынан Воровкин Даниил қорғауға келмеді

6.1. КЕШЕНДІК МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНДАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



«Өндірістік оқыту әдістемелік тәжірибелік комиссиясы»

ЦӘК бойынша

2024-25 оқу жылында

Үлгерім: 100% Сапа- 100% Орташа бал – 4,1.

2023-24 оқу жылында


Үлгерім: 96% Сапа- 89% Орташа бал – 3,9.

№	Тобы	саны	5	4	3	2	Үлгерім	сапа	орта бал	Тапсырмағандар
1	0716-24-116/ж	9	1	8	-	-	100	100	4,1	
2	0732-24-116/ж	11	5	6	-	-	100	100	4,4	
3	0715-24-116/ж	6	-	6	-	-	100	100	4,0	Тынысбеков Мұхит
4	0711-24-116/ж1	15	4	11	-	-	100	100	4,2	
5	0711-24-116/ж2	17	4	13	-	-	100	100	4,2	
6	1013-24-116/ж	21	12	9	-	-	100	100	4,1	
7	1013-23-96/ж	18	1	17	-	-	100	100	4,0	
8	0715-22-96/ж	11	3	8	-	-	100	100	4,2	
	Барлығы;	108	30	78	-		100	100	4,1	1

Өткен оқу жылымен салыстырғанда

Үлгерім-4 % жоғары, Сапа- 11% жоғары, Орташа бал – 0,2% жоғары

6.2. ДЖ және ДЕМОЕМТИХАН ТАПСЫРУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



**«АРНАЙЫ ҚҰРЫЛЫС және АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ББП білім беру пәндері» ЦӘК бойынша**


2023-24 оқу жылы бойынша: Үлгерім: 100% Сапа 100% Орташа бал – 4,3

2024-25 оқу жылы бойынша: Үлгерім: 100% Сапа 100% Орташа бал – 4,2

Өткен оқу жылымен салыстырғанда

ЦӘК бойынша Үлгерім: 100% Сапа 100% Орташа бал – 4,2 **0,1 төмен**

№	Тобы	саны	5	4	3	2	Үлгерім	сапа	орта бал	Тапсырмағандар
1	0732-23-11к	6	3	3	-	-	100	100	4,5	
2	0613-22-96	17	4	13	-	-	100	100	4,2	
3	0613-22-96	16	-	16	-	-	100	100	4,0	Воровкин Даниил
	Барлығы:	39	7	32	-	-	100	100	4,2	



«АРНАЙЫ ХИМИЯЛЫҚ, КӨЛІК ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОМЕХАНИКАЛЫҚ ББП білім беру пәндері» ЦӘК бойынша


023-24 оқу жылы бойынша: Үлгерім: 96%. Сапа- 96%. Орташа бал – 4,2

2024-25 оқу жылы бойынша: Үлгерім: 100%. Сапа- 96%. Орташа бал – 4,1

Өткен оқу жылымен салыстырғанда ЦӘК бойынша үлгерім -4% өскен, сапа 0% , орташа бал – 0,1 % жоғары.

1	0716-22-96	9 ДЕ	1	8	-	-	100	100	4,1	Мейір Бағдаулет
2	0716-23-11к	14	-	14	-	-	100	100	4,0	
3	0713-22-96	19 (8)	3	14	2	-	100	89	4,0	
	Барлығы;	42	4	28	2	-	100	96	4,1	3

6.4. МБЕ мен ДЖҚ, ДЕ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША ӨТКЕН ОҚУ ЖЫЛЫМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕР (КОЛЛЕДЖ БОЙЫНША)



Колледж бойынша: 2023-24 оқу жылында Үлгерім: 97,6% Сапа 96% Орташа бал – 4,0

Колледж бойынша: 2024-25 оқу жылында Үлгерім: 100%. Сапа-98,6 %. Орташа бал –4,1

Колледж бойынша: өткен оқу жылымен салыстырғанда үлгерім 2,4%, сапа – 2,6%, орташа бал 0,1% өскен.

10.ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАР

Оқу орнында өртке қарсы және қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша дабылқаққыштармен қамтамасыз етілген. Әр қабатта ПГ-жәшігі орналасқан және өрт кезінде әр кабинет пен оқу аудиторияларынан ретпен шығу жоспарлары бекітіліп, ілінген. Гидранттар толығымен шлангымен, сумен қамтамасыз етілген. Ғимарат қабаттарында ОПУ-5 маркалы 20 дана өрт сөндіргіш аспаптар орналастырылған. Сыртқы аулада өртке қарсы 1 щит орналасқан, онда өртке қарсы құрал-жабдықтардың түрлері қамтылған. Білімгерлердің қауіпсіздігін сақтау мақсатында колледж аумағында орталықтандырылған 31 бейнекамера орналасса, оның 16-і іште, 15-і сыртта орналасқан. Төтенше жағдайлардың алдын-алу іс-шарасына арналған 10 дабылқаққыш алынып, 2-і сыртқа, 8-і әр қабатқа 2-ден орнатылды.

Төтенше жағдайлар мен азаматтық қорғанысқа, терроризм мен экстремизмге байланысты колледж әкімшілігі тарапынан мереке, демалыс күндерінен басқа күнделікті оқытушылар тарапынан колледж қақпасына кірер жердегі арнайы орында кезекшілік ұйымдастырылған. Онда тәулік бойғы кезекшілер мен жауаптылардың кезекшілік уақыттары, аты-жөндері, хабарласу телефондары, мекен-жайлары мен міндеттері көрсетілген.

11. МЕДИЦИНАЛЫҚ КАБИНЕТТІҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Медициналық кабинет 1-ші қабатта орналасқан, 2-бөлмеден тұрады, қабылдау бөлмесі және егу бөлмесі және қол жуғыш торабы жүргізілген. Қажетті барлық медициналық жабдықтар және дәрі дәрі дәрмектермен қамтылған. 2024-2025-оқу жылы бойынша жалпы студенттер саны 391,

Кәмелет жасқа толмаған студенттер - оқу жылының басында 2024 жыл қыркүйек айындағы есеппен жалпы саны- 39; кәмелетке толмағандар -246, 84-қыз,162-ұл бала болды,2025-жыл ақпан айында жалпы саны -364; кәмелетке толмағандар -239, 78-қыз,161-ұл бала болды, 2025-жыл маусым айындағы есеп бойынша жалпы саны -345; кәмелетке толмағандар -178, 68-қыз,110-ұл бала болды.

Барлық студент флюорографиялық тексеруден уақытылы жылына 1-рет уақытылы өткен. 2025-жылдың Қаңтар -маусым айлары аралығында өтуге

тиісті болған 239-студент флюорографиялық тексеруден өткізілді , барлығы нәтижесі жақсы. Ай сайын "Ерте жүктіліктің алдын алу " бойынша арнайы мамандар шақырылып алдын алу түсіндірме жұмысы жүргізілді , колледждің әлеуметтік желі парақшаларына жарияланды. Сонымен қатар жұқпалы аурулардың алдын алу , жұқпалы тері ауруларының алдын алу бойынша ағарту шаралары өткізілді .Ағымдағы оқу жылы барысында жұқпалы тері ауруы (микоз гладки кожи) 2-жағдай анықталды. Ауырған студенттер медбике тарапынан тексеру барысында анықталып, дерматолог дәрігерге жіберіліп толық емделгендігі туралы анықтамамен сабаққа жіберілді.

18-жасқа дейінгі студенттерді медициналық байқаудан өткізу үшін Талас ауданы орталық ауруханасына колледж әкімшілігі атынан арнайы хат 2-рет жолданды, бірақ орталық аурухана тарапынан кері байланыс болмауына байланысты 2025-жылдың екінші жартысына қалдырылды. Ағымдағы жылы 16-жасқа толатын, яғни 2009-жылы туылған студенттердің тізімі жасалып (жалпы саны -55)жасөспірімдер дәрігеріне өткізілді және оларға АДС-М екпесі салдыру ата -аналарға түсіндірілді және әр ата -ана өз баласын учаскелік дәрігерге апарып салдыру үшін хабарламамен таныстырылды.

12. БІТІРУШІ КУРС БІЛІМГЕРЛЕРІН АЛДЫН АЛА ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылдың 1 қыркүйектегі **«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН:ЗАҢ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ»** атты Қазақстан халқына жолдауындағы – кадр саласына қатысты айтқан 5-ші бағытында «Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды. Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті мәселе. Болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау қажет» атты тапсырмасы аясында, 2025 жылы бітіруші түлектерді жұмыспен қамту мақсатында Қаратау құрылыс-техникалық колледжінде дәстүрлі 13 маусымда **«КОЛЛЕДЖ – ТҮЛЕК – ЖҰМЫС БЕРУШІ»** тақырыбындағы **ХІІІ-ші жәрмеңкесі** өткізіледі. Жәрмеңкеде 8 мамандықтың 10 біліктілігі бойынша бітіруші түлектерді мүмкіндігінше жұмысқа орналастыру қарастырылды. Олар: *Техник-құрылысшылар» «Құрғақ құрылыс және кең бейінді құрылыс жұмыстарының шеберлері», «химия аппаратшылары», «автомеханиктер», «автослесарлар», «техник-*

*бағдар-ламашылар», «техник-электромеханиктер, «аспазшылар»,
дәнекерлеушілер және слесарьлар.*

Жәрменкеге түлектерді жұмыспен қамту мақсатында алдын-ала хабарланған облыс, аудан көлеміндегі ірі 20-дан аса мекеме, кәсіпорындар мен *«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»* аясында жаңа инвестициялық жоба басшылары, аудандық «Amanat» партиясының төрағасы, аудандық кәсіпкерлік және туризм басшысы, аудандық мансап орталығы мен кәсіпкерлер палатасының және «Жастар» ресурстық орталығының директорлары, қала әкімінің орынбасары қатысты.

Жәрменкені кіріспе сөзбен ашқан колледж директорының м.а Сәуле Серікқызы өткен оқу жылы бітірген түлектерді жұмысқа орналастыруда қолдау көрсеткен барлық мекеме басшылары мен аудандық мансап орталығы басшысына рахметін айтып, өткен жылғы бітірген 185 түлектің 122-сі, яғни, 65,9% жұмыспен қамтылса, оның 47-сі, яғни, 25% мамандығы бойынша жұмысқа орналастырылғанын айтып, жәрменке жұмысына сәттілік тіледі.

Жәрменкеде алғашқы сөз кезегін алған аудандық мансап орталығының директоры Қабылқұлов Нұрлан Оңлыұлы *ЖАСТАР ТӘЖІРИБЕСІ* бағдарламасы, *«АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС ОРНЫ»* жобасы және жаңа жоба - *«ҰРПАҚТАР КЕЛІСІМ ШАРТЫ»* бағдарламасы негізінде 70-ге тарта жұмыс орнын ұсынса, «аудандық кәсіпкерлік және туризм» бөлімінің директоры Тауасаров Ауданбек Жүзбосынұлы Талас ауданына келген инвестициялық жобалардың әрқайсысына слайд арқылы тоқталып, ауданда туризмді дамыту, әр инвестициялық жоба кәсіпорындарының алдағы кезеңдерде қанша жұмыс орнымен қанша адамды жұмыспен қамту мүмкіншіліктері жөнінде толық мәлімет берсе, «Karatau Chemicals (Каратау Кемикалс)» ЖШС өкілі КИПиА слесарларын, аппаратчиктер, дәнекерлеушілер, құбыр монтажниктері, химиялық лаборанттар, механиктерге, Talas investment company» ЖШС –н өкілі дәнекерлерушілер, электриктер, аспазшылар, хим-технологтар, аппаратчиктерге, Жамбыл-Недр» ЖШС-нің дозировщик, бункеровщиктерге, «Игілік» КММ-нің өкілі электриктерге, электр дәнекерлеушілерге, жөндеуші слесарларға ваканттық жұмыс орындарын ұсынса, «Анжелика - мектеп бала бақшасы» ЖШС директоры Малыхина Флюра Ахматовна бағдарламашылар, аспазшы-стажерлар, ұйымдастырушы педагогке, хореограф, логопед, тәрбиешілерге бос ваканттық орындар бар екендігін хабарлады.

Ал «Amanat» партиясының төрағасы Д. Мәселбеов, «Жастар ресурстық

орталығының» директоры Нұрсұлтан Жексенбекұлы, қала әкімінің орынбасары Руслан Залұлы бітіруші түлектерді аталған жұмыс орындарына барып еңбек етуге, осылай өз еңбек жолдарын мамандықтары бойынша бастап, аудандық экономикасын көтеруге шақырды.

Жалпы жәрмеңкенің қорытындысы бойынша мекемелер тарапынан 130-ға жуық ваканттық орындарға жұмыс ұсынылды. *Қосымша Talas investment company» ЖШС-бас энергетигі, бас инженері келіп МБК, ДЖ кезінде қатысып, қажетті мамандықтар бойынша электромеханиктер мен хим-технологтарды жұмысқа алуға таңдау жасап кетті.*

Ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар

Р.с	Мақала аталуы	Басылым аталуы
1	«Жаңа жолдау-жаңа міндеттер». 2025 жыл-жұмысшы мамандықтары жылы.	Талас тынысы. №69(10576). 17.09. 2024жыл. Қаратау қаласы.
2	«Кәсіптік білімнің көкжиегі кеңейеді».	Білім шырағы. №9(165). 17.09. 2024жыл. Тараз қаласы.
3	«Білікті маман дайындау-басты міндет»	Талас тынысы. №10(10615). 07.02. 2025жыл. Қаратау қаласы.
4	«Кәсіпорында күзінеттілік орталығы» ашылды.	Талас тынысы. №14(10619). 21.02. 2025жыл. Қаратау қаласы.
5	Оқушылар арасындағы «Juniorskills-2025» чемпионаты	Талас тынысы. №15(10620). 25.02. 2025жыл. Қаратау қаласы.
6	Колледж-түлек-жұмыс беруші: Тиімді байланыстың жаңа үлгісі	Талас тынысы. №45(10650). 17.06. 2025жыл. Қаратау қаласы.

Біздің ірі әлеуметтік серіктестер:

- «Казфосфат» ЖШС «Шолақтау» таукен өндірістік кешені
- «TalasInvestmentCompany» ЖШС
- «Karatau Chemicals (Қаратау Кемикалс)» ЖШС
- Көпсалалы «Игілік» МКМ
- «Аудандық кітапханалар жүйесі» КММ
- «Аудандық орталық мұрағат» КММ
- «Фортис Констракшн» ЖШС
- «Жамбыл-Недр» ЖШС
- «ІСА» ИнтерГаз орталық Азия» АҚ, «Талас газ шаруашылығы
- «QazaqGaz Aimaq» АҚЖӨФ, Талас газ шаруашылығы
- «Нұржанова А.К» ЖК
- Талас ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі
- «Құдаша» мейрамханасы
- «Сейілбек» мейрамханасы
- «Березка» асханасы

13. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСТАРЫ

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесі жұмысы ұйымдастырылған. 2024-2025 оқу жылына жоспарланған жоспар бойынша барлық қабылданған іс-шаралар мәжіліс отырыстары өтілді. Кеңес отырысында қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту және кеңес мүшелері арасында өзара міндеттерді бөлу

Мамандықтар бойынша оқу шеберханалары мен зертханалардың құрал-жабдықтармен қамтылуы және оқу үрдісінде қолданылуы, колледж инспекторының жұмысы, «Жас маман» жобасын іске асыруда қабылданған іс-шаралардың орындалу барысы, оқу орнының материалдық базасын нығайту бойынша бюджеттік және ақылы негізде бөлінген қаржыландыру, дуальды оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісінің ұйымдастырылуы және студенттердің оқу өндірістік іс- тәжірибелерін өткізуде әлеуметтік серіктестерімен жасалған келісім шарттардың орындалуы, құқықтық тәрбие және тәртіп бұзушылықтың алдын алуда атқарылған жұмыстары сияқты кеңес отырыстарында сұрақтар қамтылып талқыланды.

14. КОЛЛЕДЖІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

14.1.Педагогикалық кеңестің жұмысы

2024-2025 оқу жылында жоспарланған 7 кеңестің отырысы өтті.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде негізінен мына мәселелер қаралды:

- оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайту;
- оқу пәндерінің оқу-әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуы;
- оқу-тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстары;
- білімгерлер арасында тәртіп бұзушылықтың алдын алу және олардың құқықтық сауаттылығын көтеруді ұйымдастыру жұмыстары;
- оқу үрдісінде оқытудың инновациялық технологияларын еңгізу;
- қашықтықтан және дуальды оқыту технологияларын еңгізу және олардың әдістемелік-техникалық базасын қалыптастыру;
- әлеуметтік әріптестік аясында өндіріс орындарында жүргізілетін технологиялық іс-тәжірибелердің сапасы;

- Білімгерлер мен оқытушылар арасында саламатты өмірді қалыптастыруда қабылданған іс-шаралардың орындалуы;
 - Білімгерлердің күзгі және жазғы семестрдің қорытындысы бойынша оқу үлгерімі және сапасы;
- «Педагогикалық кеңестердің күн тәртібіндегі жоспарланған сұрақтар толығымен қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

14.2. Колледжішілік бақылау және тексеру

Есепті кезеңде колледжішілік бақылау және тексеру жұмыстары ҚР «Білім туралы» Заңы мен ҚР Президентінің «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Заң күші бар Жаралығын басшылыққа ала отырып жүргізілді. Колледжішілік бақылау және тексеру жұмыстарының негізгі мақсаты ҚР «Білім туралы» Заңының орындалуын және оқу-тәрбие жұмыстары бойынша қабылданған іс-шаралардың өз деңгейінде сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету.

Осы мақсатта оқу жылының басында барлық деңгейде колледжішілік бақылау жұмыстарының жоспары жасалынып бекітілді. Жоспарда педагогикалық және әдістемелік кеңестердің отырысы, арнайы жалпы білім беру пәндері бойынша апталықтар, ашық сабақтар, тәрбие сағаттары мен спорт секцияларының жұмысын, циклдік-әдістемелік комиссияларға бекітілген оқу пәндерінің оқу әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуын, оқу сағаттарының сапалы өтуін, оқушылардың өзара сабақ қатысуын, білімгерлердің модульдік рейтингтік бақылау негізінде жүргізілген шектік, аралық және қорытынды аттестациялары бойынша оқу үлгерімі мен сапасын жақсартуды, оқу журналдарының талапқа сай толтыруын, оқу-өндірістік, технологиялық іс-тәжірибелерінің ұйымдастырылуы және сапалы өтуін қамтамасыз етуді, оқу кабинеті мен зертханалардың жабдықталуы, жатаханада тұратын білімгерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын, оқушылар арасында тәртіп бұзушылықтың алдын-алу мақсатында қабылданған іс-шаралардың орындауын және оқу бөлімдерінің білімгерлер контингентінің қалыптастыруда және сақтауда жүргізіліп жатқан жұмыстарды тексеру және бақылау қарастырылды.

2024-2025 оқу жылында колледжішілік бақылау жұмыстарын тиімді ұйымдастырып жүргізу мақсатында 7 педагогикалық және 6 әдістемелік кеңестер, 36 директорлық мәжіліс өткізілді. Өткізілеген кеңестермен мәжілістерде нақты шешімдер қабылданып анықталған кемшіліктерді жоюда тиісті іс -шаралар қабылданды.

ҚОРЫТЫНДЫ

2024-2025 оқу жылында жүргізілген оқу –әдістемелік, ғылыми – шығармашылық және тәрбие жұмыстарының қорытындысы бойынша төмендегі аталған жетістіктерге қол жеткізілді:

- 2024 жыл, қазан Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің студенті Полторацкий А. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен «Жас ғалым» облыстық ғылыми жобалар байқауына қатысып, ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.
- 2024 жыл, қазан Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің студенті Д.Мейрамбек Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен «Жас ғалым» облыстық ғылыми жобалар байқауына қатысып, Алғыс хат берілді.
- 2024 жыл, 18 желтоқсан Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің студенті А.Катянова (0711-24-96) Фариза Оңғарсынованың 85 жылдық мерейтойына орай өткен «Өлең, мен сені аялап өтем...» облыстық байқауына қатысып, Алғыс хатқа ие болды.
- 2024 жыл, 18 желтоқсан Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің студенті Тоқтарбай Ақбота Фариза Оңғарсынованың 85 жылдық мерейтойына орай өткен «Өлең, мен сені аялап өтем...» облыстық байқауына қатысып, ІІ дәрежелі Дипломды иеленді.
- 2025 жыл, 16 мамыр Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің студенті Тоқтарбай Ақбота Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған облыстық «Абай оқулары» байқауына қатысып, ІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды.
- 2025 жыл, мамыр Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің студенттері Котянова Милана мен Лера Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған облыстық «Абай оқулары» байқауына қатысып, ІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды.
- 2025 жыл, 24 сәуір Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің 0613-24-96 тобының 1 курс студенттері Жұмағыл Асылхан мен Берікбай Нұрислам «Сөз Battle» ойынына қатысып, Алғыс хатқа ие болды.

- 2025 жыл, 18 сәуір Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің студенті К.Аначко «Әрекет-2025» StartUp жобалар байқауының екінші кезеңіне қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.
- 2024 жыл, 20 желтоқсан Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің 3 курс студенті Сачков Эдуард «Адал қоғам қалыптастыру негіздері» тақырыбында өткен облыстық жастар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру жобалар байқауына қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.
- 2025 жыл, наурыз Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің студенті Д.Мейрамбек «Жас ғалым-2025» халықаралық ғылыми жұмыстар байқауына қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

Аталған оң істер мен қатар оқу-тәрбие жұмыстарында кейбір мәселелерге аса көңіл бөлу керектігі анықталды:

- Колледждің материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- «Жас маман» жобасы аясында «Құрылыс», «Көлік» және «Электрмен қамту» құзыреттіліктері бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкес оқу бағдарламаларын әзірлеу және құзыреттілік орталықтарын ашу.
- «Құрылыс», «Көлік» және «Электрмен қамту» құзыреттіліктері бойынша халықаралық тәуелсіз аккредитациялаудан өтуге дайындық жұмыстарын жүргізу.
- Компьютерлік техникалар базасын жаңарту;
- Білімгерлер арасында құқықтық тәрбие және тәртіп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру және ата – аналармен байланысты күшейту;

ҚОСЫМШАЛАР

Қаратау құрылыс -техникалық колледжінің материалдық-техникалық базасы туралы қосымша мәліметтер

Дәрісханалар түрлері. Жалпы ауданы (м²)	Жаңа компьютерлік техникалар, олардың саны Локалді желіге біріктірілгені. Интернетке қосылуы	Транспорттық жүйенің жабдықтардың атауы және олардың саны	Берілген жер телімінің жағдайы (қоғалдандыру)
Оқу дәрісханалары 46 (2928 м²); Зертханалар 10 (480 м²); Ашық спорт алаңы – 1 (2100 м²); Компьютерлік класстар – 6 (268 м²); Асхана – 1 (240 м²); Медкабинет – 1 (48 м²); Акт залы – 1 (240 м²); Шеберханалар – 6 (260 м²); Кітапхана -1(48 м²); Жатақхана – 1 (402 м²); Оқу залы – 1 (78 м²);	Дербес компьютерлер-117 Интерактивті тақталар - 7 Проекторлар -21 Ноутбук - 19 Теледидар - 7 Видеомагнитофон - 1 DVD - 3 Принтер - 16 Түрлі түсті принтер- 3 Принтер 3/1 А4 -28 Сканер - 2 Факс - 1 Модем - 2 Видеокамера - 1 Фотоаппарат - 3 Плоттер – 2 Ламинатор - 1 Переплет аппараты - 1 Ксерокс А4 -2 Ксерокс 3/1 А3 - 4 Бейне бақылау камерасы - 28 Бейне бақылау компоненті - 1 Спутниктік тюнер - 5 Спутниктік антенна - 4 Мультимедиялық подиум - 1 Мультимедиялық подиум тақтасы - 1 Планшет – 20 Электронды оқулық - 10 Лингафон - 28	Трактор – эксковатор -1	Жер телімі 0,72 га; Отырғызылған ағаштар - 900 дана; қоғалдандыру – 0,4 га;

**Халықаралық, республикалық, облыстық семинар-кеңестерге,
конференцияларға педагогтардың қатысуы**

р/с	Педагогтың аты-жөні	Тақырыбы	Өткен орны, күні
1	Бұрлыбаева Г.	Цифрлық жағдайдағы білім беру мазмұнына тұрақты даму компонентінің интеграциялауда жасанды интелекттің қолдану тенденциялары» облыстық семинар	Тараз қаласы, қараша 2024жыл Алғыс хат
2	Серигова А.	Цифрлық жағдайдағы білім беру мазмұнына тұрақты даму компонентінің интеграциялауда жасанды интелекттің қолдану тенденциялары» облыстық семинар	Тараз қаласы, қараша 2024жыл Алғыс хат
3	Шымырбекова А.	Цифрлық жағдайдағы білім беру мазмұнына тұрақты даму компонентінің интеграциялауда жасанды интелекттің қолдану тенденциялары» облыстық семинар	Тараз қаласы, қараша 2024жыл Алғыс хат
4	И.Қожамбаева	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің ұймыдастыруымен Мыржақып Дулатовтың 150 жылдағы орай дөңгелек үстелде баяндама жасаған үшін	Тараз қаласы, 4 сәуір 2025 жыл
5	Е.Қамысбаевтың	«Геодезия, картография және құрылыс жоғары колледжінің» базасында құрылыс саласы бойынша республикалық кәсіби конкурсында Алғыс хат алды	27-30 мамыр 2025 жыл, Семей қаласы
6	А.Бүлекбаева, М.Бекмолдаева, Г.Бұрлыбаева, М.Қырғызбаев, Е.Қамысбаев	«Жұмысшы мамандықтар» жылына орай «LITH QUIZ» жас мамандарға арналған облыстық quiz ойынына қатысқаны үшін Алғыс хат	2025 жылдың 11 маусым Тараз қаласы, Жамбыл политехникалық жоғары колледжі
7	М.Қырғызбаев Ж.Мамажанов	«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсет, жөндеу және пайдалану» мамандығының арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған WorldSkills стандарттарын оқу үрдісіне енгізу жолдары» тақырыбындағы облыстық семинар	26.11.2024ж. Тараз қаласы Алғыс хат
8	Г.Ибраимовты	«Білім беру ұйымдарында экономика пәндерін оқытудың перспективасы» атты облыстық семинар	2024 жылы 21 қазан Алғыс хат
9	Г.Ибраимовты	«Құрмаш Нұрғалиев –Халық ұстазы» тақырыбында офлайн форматта атты облыстық семинар	2025 жылы 15ақпан Өскемен Алғыс хат
10	Серигова А.	Жаңа технологиялар, инновациялар және цифрлық трансформация» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция	2025 жыл сәуір Атырау Сертификат

Республикалық, облыстық байқаулар мен олимпиадаға педагогтардың қатысуы

р/с	Педагогтың аты-жөні	Тақырыбы	Өткен орны, күні
1	Қамысбаев Е.	ТжКББҰ «Құрылыс» саласы бойынша кәсіби шеберлік республикалық конкурсының облыстық кезеңіне қатысқаны байқауға	2025 жыл Мамыр-маусым Семей Алғыс хат
2	Ж.Байбекова	Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен ТжКББҰ «Қызмет көрсету» саласы бойынша облыстық кәсіби шеберлік байқауы	2025 жыл, 17-18 сәуір Тараз қ, Алғыс хат
3	Ж.Мәселбек	Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен ТжКББҰ «Үздік өндірістік оқыту шебері-2025» облыстық кәсіби шеберлік байқауы	2025 жылдың 11 сәуір күні Тараз қ, Алғыс хат
4	Г.Жубатова	ТжКББҰ «Білім беру» саласы бойынша кәсіби шеберлік республикалық конкурсының облыстық кезеңіне қатысқаны байқауға	6 ақпан 2025 жыл Алғыс хат
5	Е.Қамысбаев М.Жумадилдаева	Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен ТжКББҰ инженер – педагогтердің кәсіби дағдыларын арттыруға бағытталған облыстық Quest – ойынында	2025 жылдың 31 қаңтар Тараз қаласы Алғыс хат
6	Ж. Мамажанов	Жамбыл политехникалық колледжінің базасында өтетін «Көлік» саласы бойынша кәсіби шеберлік республикалық конкурсының облыстық кезеңіне	2024 жылдың 23 қазан күні Тараз қаласы ІІІ дәрежелі Диплом

Республикалық, облыстық конференция, семинар, олимпиадаларға студенттердің қатысуы

р/с	Педагогтың аты-жөні	Студенттің аты-жөні	Тақырыбы	Өткен орны, күні
1	Г.Жубатова	Есмахан Мөлдір	Тараз университетінің «Химия және химиялық технология» кафедрасының «Химик» студенттік ғылыми үйірмесінің ұйымдастыруымен өткізілетін «Үлкен химиядағы болашақ» тақырыбындағы шағын конференция	2024 жыл 29 қараша Тараз қаласы Алғыс хат
2	Е.Қамысбаевтың	Бин М. 3 курс студенті	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің «Экономика және бизнес» кафедрасының «Бизнес аналитик және менеджмент» студенттік ғылыми үйірмесінің ұйымдастыруымен «Қазақстандағы атом электростанциясы: плюстары мен минусы» тақырыбындағы дөңгелек үстел	2024 жыл 18 желтоқсан 2 дәрежелі Диплом
3	Серикова А.	Асан Самал	Өндірісті автоматтандырудағы жаңа технологиялары ХХІ ғасыр технологиялары ІІ студенттік республикалық онлайн ғылыми практикалық конференция	Ақтөбе қаласы 2025 жыл 19 ақпан Сертификат
4	Серикова А.	Ходжамуратов Н.	Өндірісті автоматтандырудағы жаңа технологиялары ХХІ ғасыр технологиялары ІІ студенттік республикалық онлайн ғылыми практикалық конференция	Ақтөбе қаласы 2025 жыл 19 ақпан Сертификат
5	Салыбекова Ж.	Жунисова А.	Халықаралық ғылыми-практикалық конференция тақырыбы: Құрылыс болашағы жастар қолында	Петропавловск Ақпан 2025 жыл сертификат

Республикалық, облыстық байқауларға студенттердің қатысуы

р/с	Педагогтың аты-жөні	Студенттің аты-жөні	Тақырыбы	Өткен орны, күні
1	Н.Асанова	Полторацкий	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Жас ғалым» облыстық ғылыми жобалар байқауы	Тараз қ., 2024 жыл қазан II дәрежелі Диплом
2	А.Серикова	Д.Мейрамбек	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Жас ғалым» облыстық ғылыми жобалар байқауы	Тараз қ., 2024 жыл қазан Алғыс хат
3	Э.Асанова	0711-24-96 А.Катянова	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен Фариза Оңғарсынованың 85 жылдық мерейтойына орай «Өлен, мен сені аялап өтем...» облыстық байқауында Алғыс хат алды	Тараз қ., 2024 жыл 18 желтоқсан Алғыс хат
4	И.Қожамбаева	Тоқтарбай Ақбота	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен Фариза Оңғарсынованың 85 жылдық мерейтойына орай «Өлен, мен сені аялап өтем...» облыстық байқауында	Тараз қ., 2024 жыл 18 желтоқсан II дәрежелі Диплом
5	И.Қожамбаева	Тоқтарбай Ақбота	Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай облыстық «Абай оқулары» байқауының II дәрежелі Диплом	Тараз қаласы, 2025 жылдың 16 мамыр
6	И.Қожамбаева	Котянова Милана Лера	Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай облыстық «Абай оқулары» байқауының	Тараз қаласы, 2025 жыл, мамыр II дәрежелі Диплом
